

# «Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі»



# Мақсаты:

- Ата-ананың бала өміріндегі орны мен рөлі туралы ой түрткі салу;
- Өз баласын жақсы тану, көмек және кеңес беру мақсатында ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімін көтеру;
- Ата-ананың бала тәрбиесіндегі негізгі тұлға екеніне көз жеткізу.



Абай: «Бір ғана қуанышым бар ол-менің балаларым»




«Біздің
топтың
жүрегі».



«Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»



# «Отбасылық құндылық ағашы»



Ата-аналар балаға жақсы тәрбие беру үшін оның мінез-құлқындағы әрбір ұсақ-түйек өзгерістерді байқап білуге қабілетті болуы керек. Педагогтар секілді кез келген ата-анаға да педагогикалық такт өте қажет. Олар балаларын суықтап қалудан немесе әр түрлі ауруға шалдығудан қорғап, алдын алып жүреді де, өздерінің дөрекі сөздері  мен әрекеттері арқылы олардың жүйке жүйелеріне кері әсер ететінін  ескере бермейді.

**А.Пинт.**

**II. Тапсырма:** Балаға жағымсыз әсер етіп, сенімін өшіретін, үмітіне балта шабатын сөздерді олардың өз күшіне сенім тудыратындай сөздермен алмастырыңыз.

## 1-топ

1. Сенен ешқандай жақсылық шықпайды.
2. Сенің кесіріңнен өмір жолымыз болмады.

## 2-топ

1. Сен немене әлі жазу білмейсің бе?
2. Неменеге ұсқынсыз болып кеткенсің, шашың дудыраған, үстің кір-кір.

# Ата-аналардың жауаптары:

## 1-топ

1. Көңіліңді түсірме. Бұл тоқсанда оқу озаты бола алмасаң келесіде боласың. Сенің қабілетің толық жетеді. Бұған мен сенемін.
2. Сенің еш кінәң жоқ. Бұл үлкендерге қатысты әңгіме. Сенің мақсатың жақсы оқу болсын. Ал бұл сенің қолыңнан келеді.

## 2-топ

1. Ештеңе етпейді, жазуды әлі-ақ үйреніп кетесің. Адам үйренгісі келсе, бәрі қолынан келеді. Сенің де қолыңнан келеді. Мен бұған сенемін.

2. Жуынып келе ғой, балам. Сосын сабағыңды оқы. Ертеңгі сабаққа дайындалып баруың керек қой.

# Жүректен жүрекке

Келесі кездескенше

еліміз аман,

халқымыз тыныш болсын!



# РЕФЛЕКСИЯ









Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болу үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

«Бала – қазына, тағы үлкен қазынасы – онының тәрбиесі».

Ақылды бала — әкесінің сүйініші,
Ақылсыз бала — шешесінің күйініші.

**Біздің ықыласымыз оларға өз-өздерін көруге және өзіне сенімділігін тәрбиелеуге, әлемде өзіне орнын табуға көмектеседі.**

**Дж.Элиум.**

1.Ата-аналар жиналысының мұндай формасы бізге қажет пе?
2.Сіздің пікіріңізше не нәрсе артық болды,нені қосу керек еді?
3.Келесіде қандай тақырыпта әңгімелесуді ұсынар едіңіз?





